

Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай

ҚҰРЫШ

ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 27 ақпан жұма 2015 жыл № 8 (10)

Отан үшін күрес – ерге тиген үлес

1941 жылдың жаз ортасы шілде айында Қарқаралы ауданының Жәнібек колхозының Шитөбе деген жайлауында шөпшілер ауылы отырды. Шөпшілер күндізгі жұмыстан келіп, киіз үйлер маңында жүрген болатын. Ымырт әлі жабыла қойған жоқ.

Сол кезде колхоз орталығынан шыққан бір салт атты кісі артында қою шаң қалдырып, біз отырған ауылға қарай атпен шауып келе жатты. Ауыл адамдары үрейленіп, қорқып қалды. Өйткені ауылға қарай ат қойып келу тек кісі өлгенде болатын дәстүр еді. Салт атты ауылға таянғанда «соғыс, соғыс» деп дауыстап келе жатты. Келіп тоқтаған соң «Германия деген мемелкет СССР-ға қарсы соғыс ашып, шекараны басып кіріпті, қазір соғыс болып жатыр» деп суық хабар жеткізді.



Президент сайлауы 26 сәуірде өтетін болды

ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы 2015 жылдың 26 сәуіріне белгіленді. Бұл туралы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа арнаған үндеуінде айтты.

3 - бет

Ханның
теміртаулық
ұрпағы

Кенесарының бас сүйегін
ізвестіретін іссапарға
қатысады




Талаптыға
нұр жауар

2 - бет



5 - бет



Біздің елімізде жүзден аса басқа ұлттар мен ұлыстардың өкілі тұратыны белгілі. Олар сонау 1937 жылдары Ресейдің Қиыр Шығысынан қоныс аударылғандар. Қазақстанды өздерінің екінші отаны санайтын кәрістер біздің қаламызда да тату-тәтті ғұмыр кешіп, түрлі салаларда жемісті еңбек етіп келеді. Теміртаулық кәрістердің басын қосатын «Кореяна» этно-мәдени орталығы барлық мерекелік шараларға белсене араласып, өздерінің ұлттық болмыс-бітімдерін, салт-дәстүрлерін көрсетуден қалыс қалған емес. Ал өткен аптада олар Шығыс күнтізбесі бойынша Жаңа 2015 жылды қарсы алып, лайықты атап өтті.

— Біз бұл күні тек өз қандастарымызды ғана шақырмаймыз, сонымен қатар басқа ұлт өкілдерін де қонақ етіп күтеміз. Мерекені есте қалатындай етіп өткіземіз, әсіресе биылғы жылы. Өйткені үстіміздегі жаңа жылда Қазақстан халқы

Жалпыұлттық акция

Оқырмандардың хабары бар, осы айда елімізде «Қазақстан-2050» Жалпыұлттық қозғалысының белсенділері «Қазақстанда жасалған» республикалық акциясын бастаған еді.

Бұл акция 11 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың отандық өндірушілерді қолдау қажеттігін айтқанынан соң қолға алынған шара. Акция барысында барлық сауда орындарында елімізде өндірілген өнімдерге



басымдық беріледі және тұрғындардың оларды сатып алулары үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылады, яғни қазақстандық өнімдердің сөреде тұрған тұстарына бірден көздің жауын алатындай ерекше белгілер қойылады.

Бұл акцияға теміртаулықтар да үн қосып, қаламыздағы ірі сауда орталықтары мен ұсақ дүкендерде де отандық өнімдерге ерекше белгілер қойылды.

— Атап айтар болсам, Теміртаудағы «Аян-Пассаж», «Шолпан», «Есдәулет» секілді басқа да бірқатар ірі сауда орталықтарында «Қазақстанда жасалған» деген белгі қойылды. Елімізде өндірілген

«Барлық қазақстандықтарды, бүгінгідей қиын жағдайда, біздің, қазақстандық тауарларды сатып алуға шақырамын. Бұл Қазақстан экономикасына қосқан үлесіміз деп білейік».

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

«Қазақстанда жасалған» тауарларға басымдық

тек азық-түліктер ғана емес, сонымен қатар тұрмыста қолданылатын химиялық өнімдер де сөрелерде көз тартып тұр, — дейді кәсіпкерлік бөлімі бастығының міндетін атқарушы Самат Зияшев.

Бұл акцияны ұсақ дүкендер

де қолдуда, дегенмен олардың бүгінгі таңда тек алпыс пайызы қамтыған, ай соңына дейін олардың жүз пайызға жетуін кезекті аппарат мәжілісінде қала әкімі Н.Сұлтанов қатаң тапсырды.

Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл

СОЛЬНАЛЬ – ОТБАСЫЛЫҚ МЕРЕКЕ, — дейді қаламыздағы кәрістер



Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толғалы отыр. Сондықтан біз ұлттық өнерімізден шашу шаша отырып, бірлігі мен берекесі

жарасқан бейбіт елде өмір сүріп жатқанымызды паш етеміз, — дейді «Кореяна» этно-мәдени орталығының жетекшісі Вера Цой.

Кәрістер жаңа жылды Сольналь, яғни отбасылық мереке деп санайды, сондықтан 19 ақпанда таңертең ерте тұрып, үлкендерге бас иіп құрмет көрсетуден бастайды. Өз кезегінде үлкендер сыйлық алу үшін азын-аулақ тиын-тебен ұсынады екен.

Бұл мерекеге кәріс этно-мәдени орталығы қазақтар мен орыстарды және поляктарды шақырып, мерекелік дастарқан жайды, ән салып, би биледі, ақ тілектер тілегін ағытып, көңілдеріндегі ризашылық сезімдерін жеткізді.

Егер деректерге назар аударсақ, бүгінгі таңда Қазақстанда 103 952 кәріс өмір сүреді екен, бұл жалпы ел тұрғындарының 1,5 пайызын құрайды.



Тілге құрмет — елге құрмет

Малаптыға нұр жауар

Биыл еліміздегі Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл толады, осыған орай қаламыздағы «Әлем» балалар мен жасөспірімдер орталығында жас ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, оларды ұлтаралық татулыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелей отырып, ұлттық құндылықтарды насихаттау және қазақ тілінің мәртебесін көтеру мақсатында «Талаптыға нұр жауар» атты аялдамаларға саяхат ойын-сайысы болып өтті. Бұл шараға қаламыздың және Ақтау кенті мектептерінің 5-сынып оқушыларынан құрылған сегіз топ қатысты. Ойын-сайыстың шарты бойынша шара қазақ тілінде жүргізілді, ал қатысушылар өзге ұлт өкілдері болды.

Ойын барысында әр топ өздерін таныстырғаннан кейін оларға саяхат картасы таратылды. Әр аялдамада қатысушыларды орталықтың қазақ тілінде жұмыс істейтін үйірме жетекшілері мен шәкірттері өз тапсырмаларымен тосып алды. Атап айтар болсақ, «Керемет» театр үйірмесі қазақтың ұлттық қазақтың ою-өрнектерімен таныстырып, кілемше жасатса, «Арай» қазақ тілі үйірмесі сөздерден сөйлем құрау, сөз жинау, сөзжұмбақ шешу ойын тапсырмаларын берді. Ойын-сайыстың соңғы тапсырмасы бойынша ойынға қатысушылар «Менің Қазақстаным» тақырыбында коллаж құрастырды.

Сайыскерлер «Үздік топ», «Өнерлі топ», «Шығармашыл топ», «Білімді топ», «Талапты топ», «Алғыр топ», «Тапқыр топ», «Ойшыл топ» ата-



лымдары бойынша дараланса, олардың жетекші мұғалімдері мақтау қағаздарымен марапатталды. Шараға қатысқан барлық оқушылар мен мұғалімдерге зор денсаулық, шығармашылық табыс, таудай талап тілей отырып, алғысымызды білдіреміз. Өйткені балалар бұл іс-шараға жақсы дайындалып келген, сонымен қатар мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тіліне деген құрметтерінің ерекше екендігі байқалды. Баршасы қазақша сөйлеп, тапсырмаларды мінсіз орындауға тырысты.

Ботагөз БЕЛГІБАЕВА,
«Әлем» балалар мен жасөспірімдер орталығының әдіскері



Жаңалық

Теміртау политехникалық колледжінде құны 74 млн. теңге тұратын жаңа зертхана іске кірісті, бұл жабдық қазіргі заманауи әдістермен жұмыс істейді.

Жаңа зертхана ашылды

Мамандар облыстың бірде бір оқу орнында мұндай зертхана жоқ екенін айтуда. Студенттер Швеция елінің осы жабдығы арқылы өндірістің жаңа технологияларды үйреніп, пайдалануға машықтанады.

— Осы жабдықтардың көмегімен агрегаттардағы белдіктердің жағдайын оп-оңай анықтауға болады. Сондай-

ақ шамдардың жанып-сөнуі арқылы құрылғының айналу жиілігі де белгілі болады, — дейді аймақтық компания өкілі А.Шақаев.

Жабдықты алуға жұмсалған 74 млн. теңгені облыс әкімдігінің араласуымен халықаралық қайта құру және даму банкі бөліп отыр.

Зертхананың оқушылар үшін де және басқа да өндірістер жұмысшылары үшін де аса бағалы екенін барлық жергілікті фирмалар жоғары бағалауда. Әзірге мұндай жабдық тек «АрселорМиттал Теміртау» АҚ өндірісінде ғана бар екені белгілі болған.

—Бұл құрылғы инновациялық өнім, енді бірер жылда ол қаладағы басқа да кәсіпорындарда пайда болатыны анық. Сондықтан студенттер онымен жұмыс істеуді қазірден бастап игеріп, қызмет ете алады.

Өндіріске барғанда оның қырсырын, жұмыс істеу әдістерін біліп баратын болады, — дейді политехникалық колледж директоры.

Бір айта кетерлігі, оқу орнын озық технологиямен жабдықтау мұнымен шектелмейді, биыл политехникалық колледж бүкіл әлемдік жаңалау және даму банкінен тағы бір транш алуға тиіс, оның не нәрсеге жұмсалатыны қазір шешілуде.



Пікір

Ортақ мүдде – орасан мүмкіндік

Әлемдік экономикалық дағдарыс кезінде біздің елімізде мерзімінен бұрын сайлау өткізу «Нұрлы жол» – болашаққа бастар жол» Стратегиялық бағдарламасын іске асыруға ықпал етеді. «Қазақстан –2050» Стратегиясы – елімізді дамытуға бағытталған құжатты жемісті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осыны ескерген Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңес мүшелері үндеу жариялады. Онда көрсетілгендей, жаһандық сын-қатерлер кезеңінде ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстанды дағдарыстан алып шығуына мүмкіндік беретін жаңа сенім мандаты берілуі қажет. Осылайша, дамудың жаңа кезеңінде халықты біріктіріп, мемлекеттік дамытудағы маңызды мәселелерге ден қоюға мүмкіндік аламыз.

Бұл – жалпыхалықтық бастама, ортақ мүддеміз! Елдің мүддесіне сай келетін дұрыс әрі тарихи шешім. Және де еліміздің жарқын болашағы үшін жасалатын маңызды қадам боларына сенімдіміз.

Саяси-экономикалық тұрақтылықтың нығая түсерін қаласақ, Президент сайлауын биыл өткізу орынды болмақ.

М.БЕРҚАЛИЕВ,
«TTS» ЖШС директоры

Елбасыға сенеміз

Мен өткен ғасырда Теміртауға комсомолдық жолдамамен келіп, тағдырымды осы қаламен тоғыстырған жанмын. Қазір зейнеттемін, ұзақ жылдар комбинатта еңбек етіп, өндірістің, қаланың, елдің дамуына Қазақстан азаматы ретінде өз үлесімді қостым, сондықтан бүгін де өзімнің азаматтық ұстанымымды білдіргенді жөн санап отырымын.

Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қайраткер ретінде қалыптасуы біздің қаламен тікелей байланысты екенін барша жұрт біледі. Ал біз, жанында жүрген оның үзенгілестері мұны басқадан артық білеміз десек орынды. Мұны айтып отырғаным, Президенттің жүргізіп келе жатқан сарабал саясатының нәтижесінде бүгінгі таңда Қазақстанды әлем таныды, мойындады. Бұрын біз шетел десе аузымыз аңқиып қарайтын едік, бүгінде бәрі керісінше, шетелдіктер бізге, яғни Тәуелсіз Қазақстанға асқан қызығушылықпен қарайды, мұндағы тұрақтылық пен келісімге қызығады.

Олай болса, Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысын құп көріп, Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізгеніміз жөн. Осы бастаманы қолдай отырып, барша қазақстандықтардың да бұл мәселге оң баға беретініне, Елбасыға, тұңғыш Президентке сенеміз демекпін.

Жанғали ҚАҚБАЕВ,
комбинат ардагері



Саяси науқан

ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы 2015 жылдың 26 сәуіріне белгіленді. Бұл туралы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа арнаған үндеуінде айтты.

«Бүгін мен Парламент Сенаты мен Мәжілісінің жетекшілерімен, ҚР Премьер-министрімен және ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасымен консультациялар өткіздім. Президенттік және парламенттік сайлаулардың күнтізбелік мерзімі 2016 жылға сәйкес келеді және іс жүзінде бірігіп кетеді. Конституция бұған рұқсат етпейді. Менің конституциялық өкілеттігім де 2016 жылы бітеді», – деді Назарбаев.

Елбасының айтуынша, халық екі ұсыныс айтып жатыр - Президенттің кезектен тыс сайлауын өткізу және Президенттің өкілеттігін ұзарту жөнінде референдум өткізу. «Екі ұсынысты да іске асыруға болады, бірақ анағұрлым дұрысы - Конституция талаптарына сай келетіні - сайлау өткізу. Сондықтан халықтың мүддесі үшін, олардың маған арналған ұсынысын ескере отырып, көпшіліктің еркі бойынша, негізгі заңды мүлтіксіз орындау мақсатында мен Конституцияның 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес, кезектен тыс президент сайлауын өткізуді 2015 жылдың 26 сәуіріне белгілеу туралы Жарлыққа қол қойдым», - деді Назарбаев.

Еске сала кетейік, 14 ақпан күні Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесі өз отырысында Қазақстан Президенті сайлауын мерзімінен


Президент сайлауы 26 сәуірде өтетін болды

бұрын өткізу туралы азаматтардан келіп түскен көптеген өтініштерді бірауыздан қолдап, бұл туралы бастама көтерген еді. Ассамблея Кеңесі мүшелерінің пікірінше, әлем экономикасындағы дағдарыстың өршіп тұрған жағдайында кезектен тыс президент сайлауын өткізу республикаға «Нұрлы жол» бағдарламасы мен ел дамуының ұзақмерзімді даму басымдықтарын іске асыруға мүмкіндік береді.

Кезектен тыс сайлау өткізу туралы бастаманы Қазақстан Парламенті қолдады, Мәжіліс пен Сенат депутаттары Мемлекет басшысына сайлауды өткізуге келісім беруді сұрап, өтініш жолдады. Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық Кеңестен республика Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағын ресми түсіндіріп беруді өтінді, бұл тармақта Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу мәселелерін регламенттеледі. ҚР Конституциялық кеңесі Президент-

тің кезектен тыс сайлауды тағайындауына еш кедергі жоқ екенін мәлімдеді. Елбасының Президенттің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы шешім қабылдауына республика Конституциясы қандай да бір шарттар мен шектеулер қарастырмайды. «Мұндай сайлау тағайындау туралы шешім қабылдағанда Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-тармағында қарастырылған Қазақстан Президентінің сайлауы мерзімі жағынан республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс деген ереже ескерілуі керек», - делінген Конституциялық Кеңестің Сенатқа қайтарған жауабында.

ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу мүмкіндігін Нұрсұлтан Назарбаев Парламент палаталары спикерлерімен бірге талқылады. Мемлекет басшысы бұл бастаманы ел-жұрт, соның ішінде еңбек ұжымдары мен қоғамдық бірлестіктер мүшелері, зиялы қауым, жастар және аға буын



талқылап жатқанына тоқталды. «Бастаманы Парламент палаталары да қарап, қолдау білдірді және маған тиісінше үндеу жолдады. Парламент Сенатының сұрауы бойынша Конституциялық Кеңес осы мәселе жөнінде нормативтік қаулы қабылдады», – деді Қазақстан Президенті. Нұрсұлтан Назарбаев кезектен тыс президенттік сайлау өткізу мүмкіндігі жөнінде ҚР Премьер-министрі Кәрім Мәсімовпен және Конституциялық Кеңестің төрағасы Игорь Роговпен де кеңесті.

Бақ kz



Елбасы Жолдауына орай

«Бала тәрбиесі – баршаға ортақ» дейміз, бұл рас. Бүлдіршіндерді мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі «Балалар» бағдарламасы ел Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын іске асыру мақсатында әзірленгені мәлім. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар ищрап, жыл сайын еліміздегі балалардың мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылуына ерекше назар аударылуда. Ал осы «Балалар» бағдарламасы біздің қаламызда қалай жүзеге асырылуда?

Бұл мәселе туралы қалалық әкімдіктің кезекті аппарат мәжілісінде білім беру бөлімінің басшысы Бақшагүл Рахимова хабарлама жасады.

Мектепке дейінгі тәрбие

– Қазір «Балалар» бағдарламасының негізгі үш басым бағыты бойынша жұмыс жүргізіп келеміз, атап айтар болсам, алғашқысы мектепке дейінгі ұйымдардың желісін ұйымдастыру, сосын мектепке дейінгі тәрбие мен дайындық мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту және сол мекемелерді білікті мамандармен қамтамасыз ету, – деді басшы.

Егер «Балалар» бағдарламасы қолға алынған 2010 жылдан бастап айтар болсақ, сол жылы аталған бағдарламаның бірінші бағыты бойынша, яғни мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту бағытында Теміртауда бірқатар жұмыстар атқарылғанын көруге болады. Мысалы, сол 2010 жылы №19 «Ақ тілек» бала бақшасы салынып, пайдалануға берілді. 320 балаға арналған бала бақша құрылысына негізгі мақсатты трансферт – 444,7 млн. теңге жұмсалған, ал күтіп-ұстауға – 26,3 млн. теңге. Сонымен қатар 140 орындық №20 «Әдемі» бала бақшасы іске қосылып, оған 43,745 млн. теңге қаражат жұмсалған. Бұлардан басқа қолданыстағы бала бақшалардан қосымша он топ ашылған, осы ретте жөндеу жұмыстарына 123,8 млн, күтіп-ұстауға – 11,7 млн. теңге жұмсалғанын атап айтуға болады. Қаламызда бала

бақшалардан басқа мектептер жанынан шағын орталықтар ашу жұмыстары да қолға алынып, 325 балаға арналған төрт шағын орталық өз жұмысын бастағанын ұмыта қойғанымыз жоқ. Олардың барлығы өз жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеді. 2010 жылдың қорытындысында бұл бағытта жалпы 771,5 млн. теңгенің мақсатты трансферттері игерілген.

Шағын орталықтар мен бала бақшаларда мемлекеттік білім беру тапсырыстарын орындау жөнінде сөз етсек, онда мынадай цифрларды көлденең тартуға болады. 2011 жылы –1235 орын –149,872 млн. теңге; 2012 жылы –1255 орын –187,479 млн. теңге, 2013 жылы 1255 –187,483 млн. теңге.

Ал былтыр жұмыс жүргізіп келе жатқан шағын орталықтар жанынан 50 орындақ екі топ ашылып, оған 2,216 млн. теңге жұмсалған. Сонымен қатар шағын орталықтар мен бала бақшаларда мемлекеттік білім беру тапсырыстарын орындау барысында 1305 орынды қамтыған 204,718 млн. теңге игерілген.

– Үстіміздегі 2015 жылы қандай жоспарлар бар? – Жеке меншік «Анли» шағын орталығы жанынан қосымша 25 орын ашуды жоспарлап отырмыз, сондай-ақ Коммунарлар көшесі 39 мекен-жайында 75 орындық, қаланың ескі бөлігінде

«Мектепке дейінгі мекемелерде орындар тапшылығын түбегейлі қысқарту үшін үш жыл бойы қосымша 3 млрд. теңге бағытта отырып, бұл жұмыспен барынша айналысуы тиіс».


Елбасының биылғы Жолдауынан

50 орындық жеке шағын орталық ашылады. Бұлардан басқа №22 орта мектеп жанынан 100 баланы қамтитын шағын орталық та биылғы жоспарымызда бар. Ал 32 орамдағы бұрынғы бала бақша ғимаратын қайтарып, оны да игілігімізге пайдалану секілді жұмыстар баршылық. Егер осы бала бақша қайтарылса, онда 300 бала мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмақ, – дейді Бақшагүл Рахимова.

Бала бақшалар мен шағын орталықтардың материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары да бір сәт бәсеңсіген емес. Былтыр бұл мақсатқа бюджеттен 160,30 теңге қарастырылса, биыл одан сәл аздау, –113,40 теңге бөлінген. Жалпы алғанда 2010-2014 жылдары «Балалар» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында мектепке дейінгі тәрбие мекемелеріне қаламызда 1038,0 млн. теңге бөлініп, олар толығымен игерілген.

Өрине, аталған мекемелерді білікті мамандармен қамтамасыз ету барысында да ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар жүргізіліп, тәрбиешілердің бала жанының бағбаны болумен қатар заман талабына сай білімі мен білігі жарасуына ерекше көңіл бөлініп келеді.

Р.ЖАҚЫПҚЫЗЫ



Ауыл адамдары қабағы түсіп, уайымдай бастады. Суық хабар әкелген сол колхоздың басқармасы Стамқұлов Ахмет екен. Арада біраз күн өткен соң ауылдағы ер азаматтарды әскери комиссариат шақырып, майданға жібере бастады. Сөйтіп, алғашқы лекпен он бес ауылдас соғысқа аттанды, олардың төртеуі енді ғана он сегіз жасқа толған бозбалалар еді. Майданға жарамсыз деп танылған төрт адам «еңбек армиясына», он үш-он төрт жастағы екі жасөспірім ФЗО-ға алынды. Енді колхоздың барлық шаруасын атқару он-он екі жасар балалар мен әйелдердің, қарттардың құзырында қалды. Колхоз орталығында он шақты там үйлер болды, колхозшылар қыста сонда тұрып, жаз жылдауа киіз үйлерде өмір сүрді. Сол кездері колхоздың үш мың бас қоғамдық қой-ешкісі, екі жүз сиыры, жүз шақты жылқысы бар еді. Сол төрт түлікті өмір бойы шопандар Әбішев Құсайын, Едігін Әлімбаев, жылқышы Карсонов Қыдырәлі, бақташы Табаев Әдікен бағып күтті. Сол Жәнібек колхозы қазіргі Бүркітші ауылдық округінің солтүстік шығыс жағындағы саз жағасында еді, бүгінде тек жұрты ғана жатыр.

Ауылда қалған шалдар, әйелдер, балалар, яғни біздер Баукен Әліпбеков, Ақшабай Боранбаев, Қобыланды, Амантай Сүлейменовтер, Әбуғали Нәзіров, Төлеутай Рымбеков, Мыңжасар Әдекенов және мен егін салдық. Күзде лобогрейкамен орып, қырманға әкеліп бастырып, дән алдық, сосын оны колхоз қоймасына өткіздік. Жаз бойы шөп шауып, шөмелей, шошақ, мая салдық, қыста мал қорасына тасыдық. Шалдар мен әйелдер бізге басшы, ал біз оларға қолғанат болдық. Таң бозынан қас қарайғанша еңбек жасадық, сонда шаршау дегенді білмейтінбіз. Сөйтіп, қабырғамыз қатпай, бұғанамыз бекімей жатып-ақ еңбекпен шындалдық. Таза ауа, таза су, еңбек, ауыл адамдарының мейірімді, адал мінез-құлықтары, адами болмыстары, кең пейілі біздің ұзақ ғұмыр кешуімізге бірден бір септігін тигізгені анық деп ойлаймын. Әйелдердің бейнеті де тым ауыр еді, олар дала жұмысымен қатар сиырлар мен саулық қойларды сауып, май алды, ірімшік жасады. Шалдар қой қырқып, жүн алды, дайындалған мал өнімдерін және астықты колхоз басшылары майданға жіберу үшін мемлекетке жоспар бойынша тапсырып отырды. Соғыс жылдары «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деген ұран болды. КСРО-ның тылдағы барлық еңбеккерлері, ауыл адамдары майдан үшін, жеңіс үшін жанқиярлықпен еңбек етті. Соғыс жылдарында ауылдық мекендердегі тұрмыс, тіршілік ауыр болды. Киім, мата табу қиын еді, дүкенде қажетті заттар болмады, ол кезде колхозшылар еңбекақы алмайтын. Ақша дегенді көрмейтін, қоғам үшін аянбай еңтек ететін, тек «еңбек күн» жаздырып, колхоз табыс тапса, оны жылдың соңында ғана беретін. Бірақ соғыс жылдарында сол табыстың, өндірілген өнімнің бәрі майданға жөнелтілетін.

Ауылда қызылша, сүзек, қорыт секілді тағы басқа да індет етек алды., өйткені монша, дәрігерлік көмек дегендер атымен болмады, аурухана тек қалада ғана бар еді. Сүзектен

Тылдағы еңбек


1941 жылдың жаз ортасы шілде айында Қарқаралы ауданының Жәнібек колхозының Шитөбе деген жайлауында шөпшілер ауылы отырды. Шөпшілер күндізгі жұмыстан келіп, киіз үйлер маңында жүрген болатын. Ымырт әлі жабыла қойған жоқ.

Сол кезде колхоз орталығынан шыққан бір салт атты кісі артында қою шаң қалдырып, біз отырған ауылға қарай атпен шауып келе жатты. Ауыл адамдары үрейленіп, қорқып қалды. Өйткені ауылға қарай ат қойып келу тек кісі өлгенде болатын дәстүр еді.

Салт атты ауылға таянғанда «соғыс, соғыс» деп дауыстап келе жатты. Келіп тоқтаған соң «Германия деген мемелкет СССР-ға қарсы соғыс ашып, шекараны басып кіріпті, қазір соғыс болып жатыр» деп суық хабар жеткізді.

қайтыс болған әйелдер болды. 1942 жылға қарай майданнан қаза тапқан ауыл адамдары туралы «қара қағаздар» ауылға бірінен соң бірі келе бастады. Мұндай қара қағазды алған отбасының қайғы-қасіретін біз бала болсақ та түсінетінбіз, көкірегіміз қарс айырылып, көзіміз жасқа толып, үнсіз қайғы шегетінбіз. Өйткені сол отбасылардың тоқтамай жылағандарын көріп, біздің де бала көңіліміз жараланып, сай-сүйегіміз сырқырайтын. Жәнібек колхозынан соғысқа кеткен азаматтардың тоғызы елге оралмады, майдан даласында Отан қорғау жолында мәңгілік қалды олар. Егер аттарын атап айтар болсам, Ахметов Рымбек, Жақсылықов Шәріп, Нұрмағамбетов Әубәкір, Жүнісов Сүлеймен, Оспан мен Ахмет Стамқұловтар, Тоқметов Қауымбай, Қамзабаев Әубәкір және он сегіз жасар боздақ Нәзіров Әбуғадыс. «Еңбек армиясына» алынған Боранбай, Амандық Жабаетар ауырып, денелері ісініп, елге келіп қайтыс болды. Қарағандыда шахтада жұмыс істеп, ауыр жұмыстан, жартылай аштықтан өлгендер де болды. Ол кезде Қарағандыда бір жанға бір келі нанды карточкелік жүйемен беретінін сол кісілерден естідік. Қала халқы азық-түлік жетіспейтіндіктен біраз жүдеп, жоқ-жітіктікке ұшыраған еді. Соғысқа барған ауылдың алты азаматы тірі келді, олар Ыбыраев Рымбек, Әбдірбаев Оспан, Едігін Елеусіз, Ақыбаев Мағзұм, ал Нұрмағамбетов Сейсен жараланып, балдақпен келді. Құсайынов Сәденнің бір аяғы мүлдем жоқ бол келді, саннан төменгі жағын оқ жұлып кетіпті. «Қара қағаз» келген үйлердегі жандарды көпшілік жұбататын, көңіл айтып, олармен қосыла жылап, майданда қаза тапқан азаматтарды жоқтайтын. Азалы үйде қазан көтерілмейтін, «кісі өлген азалы үйдің босағасы жылап тұрады» дейтін үлкендер.

Жәнібек колхозының орталығы Қу ауданы мен Қарқаралы қаласының орта жолында болды. Қу ауданының соғысқа баратын азаматтары жолшыбай сол ауылға келіп қонып,



Отан үшін күрес — ерге титен үлес

аттанатын. Өйткені олар қыс болса атшанамен, жаз болса ат арбамен Қарағандыға дейін барып, ар жағынан паравозға мінеді екен. Сол азаматтарды апарғандар қайтарда ауылға соғып кететін. Олардың айтуынша, Қарағандыға дейін бір апта, көбінесе жаяулап барады екен. Міне, майданға аттанған боздақтар жол азабын үйлерінен шыққан сәттен-ақ көреді екен. Одан арғысы белгілі, майдан, соғыс, атыс, бораған оқ, жарылған граната, өмір мен өлімнің айқасы...

Ауылда соғысқа дейін және соғыс жылдары біз электр жарығы, техника, радио, кино, телефон дегенді мүлде білгеніміз жоқ, олар болмаған. Соғыста не болып жатқанын колхозға келген уәкілдерден естіп білетінбіз. Олардың айтуынша, «1944 жылға қарай кеңес жауынгерлері фашистерді жеңіп, елімізді азат етіп, енді Шығыс Еуропа елдерін фашистік құлдықтан құтқарып жатыр, Жеңіс күні таяу» деген жағымды хабарлар еді. 1944 жылы Қарқаралыда екі рет көпшіліктің кездесу, жүздесу жиыны өткізілді. Біріншісі сол жылы маусым айының 18-і күні болды. Ол Кеңестер Одағының батыры, 1-май колхозының тумасы, жерлесіміз Мамраев Мартбекпен кездесуге арналды. Сол күні қала жұртшылығы орталық алаң — Бәйге төбеге жиналды. Батыр Мартбек Мамраев майданда соғыстың қалай жүріп жатқаны туралы толық хабар айтты. Сөзінің соңында өзінің соғыстың КСРО-ның жеңісімен аяқталатынына сенімінің мол екенін айтты. Кездесуге жиналған қала, ауыл тұрғындары соғыстың ортасынан оралған батырдың аузынан жағымды жаңалықты естіп, кеуделеріндегі үміт оттарын одан сайын үрлей түсіп, күтіп жүрген жакындарының аман-есен оралуларына тілектерін қосты. Соңынан палуандар күресі, ат бәйгесі, мәдени шаралар ұйымдастырылды. Менің осы оқиғаларды білетінім, көргенім аудандық партия комитетінің хатшысы Бекбаев мені колхоздан алдырып, райкомның, қаракек атына мінгізіп,

ат жарысына жіберген еді. Ат бәйге 1-май колхозы жақтан 22 шақырым жерден жіберілді. Бәйгеге бес ат қатысты, мен қаракек атпен бірінші болып көмбеге таянғанымда жолдан екі-үш атты кісі тосып алып, артымда келе жатқан күрең атты тартып, қиқулап, менің алдыма түсірді. Мен баламын ғой, ол кезде дау көтермедім. Ал екінші кездесу жиыны 1944 жылдың 7 қарашасында Ұлы Октябрь социалистік революциясының 27 жылдығына орай Қарқаралы ауданы еңбекшілерінің 1943 жылдың қорытындысы бойынша бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы болып, бірінші орын алғаны, КСРО мемлекеттік қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл Туын алған құрметіне арналды. Сол күннің қарсаңында ауданның 45 колхозы Қарқаралы қаласының күншығыс жағындағы «Боп» тоғайының ортасына Жырым өзенінің жағасына жүзге жуық киіз үй тігіп, ішіне үй жиһаздарын қойып, сырмақ, алаша төсеп, үстелге дастарқан жайылды. Дәм дайындап, қала тұрғындарына, қонақтарға тамақ берілді. Ауылдың өнерпаздары ән айтып, домбыра тартып, өнер көрсетті. Көрші Ақтоғай, Қу аудандарынан қонақтар келді. Олар күресетін палуандарын, бәйгеге қосатын аттарын ала келді. Күресте Ақтоғайдың Моншақбай деген палуаны бірінші орын алды. Ат бәйгесінде Қарқаралының аққұйрық аты бірінші келді. Бәйге Қу ауданы жақтағы Бүркітші ауылының бер жағындағы төбеден 25 шақырым жерден жіберілді. Шамасы алпысқа тарта салт аттылар өзеннен өтіп, төбеге шыға бергенімізде сол қанаттағы дөң жақтан бір қасқыр көрінді. Салт аттылар оны қуа жөнелдік, қасқыр өзен жағасына қарай қашып, ортасындағы муз айдынына барды. Аттағылар қоршап алдық. Мұздан ат аяғы таятын болған соң, Қашқымбеков Шағалам бастаған бес-алты кісі жаяу барды. Қасқыр не қашпады, не қарсыласпады, жан-жақтан ұрып-соғып жатқанда дыбысын да шығармады. Соғып алған қасқырды

ортамызда жүрген райком хатшысы Бекбиевтың қанжығасына байлады. Ол кісі киіз үй ауылына әкеліп, Жөншілік колхозының басқармасы Қазанғапов Сәрсенбайға ұсынып, киіз үй алдына тастады. Өйткені басқармалар арасындағы жасы үлкен сол Сәрсенбай еді. Ол үйде дастарқан жайылып, үлкендер, аудан басшылары дәм татып, осы оқиғаны жақсылыққа жорып, «фашистердің көзін осы қасқырдай жоямыз, бейбіт өмір болар», деген бата жасалып, тілек тіленді. Айтқандай, 1945 жылы Германия фашистерін жауынгерлеріміз ойсырата жеңіп, қарулы күштеріміз Берлинге — Рейхстагта Жеңіс туын желбіретті. 9 мамыр Жеңіс күні болып жарияланды.

Міне, содан бері 70 жыл уақыт өтті. Жершарының, біздің еліміздің бейбітшіл халқы сол Жеңіс күнін майдангер қарт жауынгерлерге лайықты құрмет көрсетіп атап өтіп келеді. Соғыста отан қорғау жолында қыршынынан қылып, оққа ұшқан сарбаздардың ерліктері ешқашан ұмытылмайды, біз үнемі олардың аруақтарна тағзым етіп келеміз.



Елубек БАЙСЕРІКҰЛЫ,
тыл еңбеккері,
зейнеткер



Азаматтық парыз

Қазақ мемлекеттілігінің тарихы Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандық құрған кезден басталады. Тарихтың бұл ақиқаты жөнінде ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мәлімдеген болатын. Сөзін орай Елбасы биыл «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында қазақ хандығының 550 жылдығы кеңінен тойланатынын айтты.

Ханның теміртаулық ұрпағы

Кенесарының бас сүйегін іздестіретін іссапарға қатысады

Бүгінгі таңда осы мәселеге байланысты нақты іс-шаралар жасалып бекітілді, соның бірі Кенесары ханның бас сүйегін іздестіру мәселесі. Бұған биылғы айтулы дата аясында үлкен маңыз берілуде, арнайы жасақталған экспедиция Ресей аймағына сапар шегіп осы жұмысты тиянақтауға шешім еткен.

Бұған дейін де өзіміздің қалалық «Құрыш қала» газетінде Теміртауда Кенесары ханның ұрпағы тұратынын жазған едік. Оның есімі жалпы жұртқа кеңінен танымал – сонау бір жылдары Қазақстан Магниткасына комсомолдық жолдамамен келіп Қарағанды металлургия комбинатында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек еткен Асылхан Шыңғысханұлы Әшімханов.

— 1970 жылы оңтүстіктегі Ащысай қаласында орта мектепті бітіргеннен кейін комсомолдық жолдамамен келіп Теміртауда еңбек жолымды бастадым, содан кейінгі өмірімнің бәрі осы өлкемен тығыз байланысты, қазір зейнеткермін, қарап отырмай өзіммен бірге еңбек етіп, әртүрлі себеппен өндірістік жарақаттан мүгедек болған әріптестерімнің мұң-мұқтажын жоғарыға жеткізумен бірге, ата-бабаларымның тарихын да зерделеп, Тәуелсіз елімізде солардың атын мәңгілікке қалдыру үшін жұмыс істеудемін, — дейді ол өзінің өмірбаянын қысқа қайырып.

Негізі біздің кейіпкеріміз Абылай ханның 30 ұлының бірі Қасымнан тарайтын ұрпақ. Халқымыздың сүйікті ақыны Мағжан Жұмабаев «Алашты талай-талай ерлер өткен, Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен?!» деп жырлайтын Кенесары Қасымның ұлы, сол Кенесарының тұңғышы Тайшықтан туған Жүністің бір ұлы Әшімхан, Әшімханнан Шыңғысхан, одан біз әңгімеге арқау етіп отырған Асылхан тарайды. Сонда Абылайханға жиырма жетінші, ал Кенесарыға бесінші ұрпақ болып келеді.


Көзі қарақты қауым Кенесары Қасымұлының қазақ халқының тарихында алар



орны айшықты екенін жақсы біледі. Мемлекет қайраткері әскери қолбасшы, ұлт азаттық қозғалыстың көсемі Кенесары қазақ елінің Абылайхан тұсындағы аумақтық тұтастығын, еркін дербестігін қалпына келтіруді басты мақсат етіп ұстаған. Осы жолда талай күрескерлік жорықтар жасады. Қазақ даласының қай қиырында да хан Кененің жүрген іздері сайрап жатыр. Өткен жылы Абылайханның 300 жылдық мерейтойында басқосқан барша қазақ өкілдері Қарқаралыда Кенесары мен Бопы асуларының бар екенін айтқан екен. Ал жаңаарқалық қариялар «шөп шаламмен бітеліп қалған хан аттас құдықты қайта қалпына келтірейік» деп талпыныс білдірген. Олай болса ұлт көшбасшысы, Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаев биыл мемлекеттілігіміздің 550 жылдығын тойлауды белгілеп отырған тарихи кезеңде ата-бабалардың жоғын жоқтап, барын түгендейтін уақыт келіп-ақ тұр. Бұл ретте көптің көкейінде жүрген және ғалымдар мен тарихшылар тарапынан әр кезде қолға алынып келген

Кенесары ханның бас сүйегін іздестіру де ұмыт қалмақ емес. Бұл жөйт тек оның ұрпақтарын ғана емес қазақ зиялыларын, жалпы қазақ деген қаны бар азаматтардың бәрін де мазалайтыны хақ. Сондықтан оның денесін, басын тауып құрметпен қайта жерлеу керек, оның үстіне ел аузында «Кенесары ханның басы мен денесі қосылмайынша қазақтың да

басы қосылмайды» деген бір тәмсіл ұзақ жылдардан бері айтылып келеді. Бұл әңгіменің бәрін тізбелеу себебіміз өзіміздің теміртаулық ардагер металлург Асылхан Шыңғысханұлының көп жылдардан бері осы мәселеге де ден қойып ізденуінде дер едік. Ол өзінің ата-бабаларына





байланысты көптеген белгілі тарихи жәдігерлерді жинастырып, насихаттап, ұрпақтарға таратып қана қоймай тың деректерді іздестіруге де батыл араласуда. Сол мақсатта бір қатар аймақтарды шарлапты. Қарағандыдағы облыстық өлкетану мұражайынан Абылай, Уәли, Кенесары хандардың мөрлерін тапқан, онда ханның өз қолымен жазған хатының көшірмесі сақтаулы. Бір қызығы ғалымдар осы хаттың қай тілде жазылғанын әлі күнге дейін анықтай алмаған көрінеді. Осы ретте 2008 жылы мұражайды ашқан Елбасы Н.Назарбаев мұнда: «Қазақтың ұлы ханы Абылайды еске алу – тарихымызға тағзым ету болып табылады. Абылай хан армандарын орындаған біздің буын өткен тарихтан тәлім алып қазақ халқының бірлігін мәңгі сақтауымыз қажет. Сонда ғана ел Тәуелсіздігі мәңгі болмақ. Бабалар әруағы әрдайым бізді қолдасын!» деп қолтаңбасын қалдырған.

Халықтың, тарихтың жанашыры Асылхан Әшімханов атына жуырда бір қуанышты хабар келді. Оқырмандарымызға түсінікті болуы үшін оның мәтінін толық келтірейік.

ҚР Білім және Ғылым министрлігі «Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты ғалымдары Кенесары Қасымовтың бас сүйегін іздестіру жобасына байланысты өткен жылы Ресейдің Мәскеу, Петербург, Омбы, Тобыл қалаларында болып қайтты. Ізденіс 2015 жылы жалғасады. Басты мақсат Кенесары ханның бас сүйегіне байланысты ақпарат пен деректі анықтау. Биылғы мамыр айының 11-25 күндері Омбы облысы мемлекеттік тарихи архивінің құжаттарын зерттеу, бұлардан басқа Омбы, Тобыл қалаларында мұражайларда жұмыс істеу жоспарланған. Осы 14 күндік іссапарға хан ұрпағы А.Әшімхановты лаборант ретінде қатыстыру қарастырылды». Бұрын-соңды зертханалық тексерістерге қатыспаса да металлург-инженердің осындай жауапты экспедиция құрамына енгізілуі бұл азаматтың тек ханның ұрпағы болғандығы үшін ғана емес, жалпы ізденістігінің, ұстанымының беріктігінің бір белгісі екені анық.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА





Теміртау қаласы әкімдігінің
2015 жылғы « 8 » қаңтардағы
№ 1/3 қаулысына қосымша

Ресми бөлім

№ 8 (10) 27 ақпан 2015 жыл

Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 1/3 қаулысы

Қарағанды облысы әділет департаментінде 2015 жылғы 3 ақпанда № 2955 болып тіркелген

Қалалық бюджет қаражатынан төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабына, 20-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесін басшылыққа ала отырып, Теміртау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық ақылы жұмыстарды ұйымдастыратын Теміртау қаласының ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелерінің тізбесі, жұмыстар көлемі, қаржыландыру көзі мен қоғамдық жұмыстарға қатысу мерзімі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Қоғамдық ақылы жұмыстарда істейтін жұмыссыздардың еңбегіне ақы төлеу 2015 жылға белгіленген ең төменгі айлық еңбекақы мөлшерінде бекітілсін.
3. «Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі қоғамдық ақылы жұмыстарға

осы мекеменің жұмыспен қамту секторында тіркелген жұмыссыздарды жіберуді қамтамасыз етсін.

4. «Теміртау қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қалалық бюджет қаражаты есебінен қоғамдық жұмыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
5. Теміртау қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 6 ақпандағы № 5/2 «Қалалық бюджет қаражатынан төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2549 болып тіркелген, 2014 жылғы 18 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 14 «Құрыш қала» газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Шолпан Мұхитқызы Мырзақасымоваға жүктелсін.
7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.


Теміртау қаласының әкімі

Н. СҰЛТАНОВ

2015 жылы қоғамдық ақылы жұмыстарды ұйымдастыратын Теміртау қаласының ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелерінің тізбесі

т/б №	Ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер атауы	Адам саны	Жұмыстардың түрі	Қаржыландыру көзі	Жұмыстар көлемі, теңге	Қоғамдық жұмыс- тарға қатысу мерзімі, ай	Орындалған жұмыстардың көлемі	Жұмыс жағдайлары
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	«Қарағанды облысының Әділет департаменті Теміртау қаласының әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	41	Тіркеуге келіп түскен құжаттарды, сонымен қатар жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін өңдеуге көмек көрсету. Мамандарға халыққа түсіндіру жұмысын жүргізуде көмек көрсету. Әділет органдарында құжаттарды өңдеу жұмысы, жылжымайтын мүлік тізілімінің электрондық мұрағатын қалыптастыру бойынша жұмыстарды орындау	Теміртау қаласының бюджеті	1751848	2	Күнделікті 5-7 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
2.	«Қарағанды облысы Теміртау қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі	52	Қазақстан Республикасы Қарулы күштер қатарына шақыру бойынша халықпен жұмыс жасауға көмек көрсету, шақырту қағаздарын жеткізу	Теміртау қаласының бюджеті	2221856	2	Күнделікті 5-9 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
3.	«Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	18	Тұрғын үй секторының, бюджеттік жоспарлау секторының және бухгалтерлік есеп секторының, коммуналдық шаруашылық секторының, жекешелендіру секторының құжаттарын өңдеу	Теміртау қаласының бюджеті	769104	2	Күнделікті 5-7 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
4.	«Теміртау қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	6	Тізілімдерді, хабарландыруларды даярлау, мұрағатқа тапсырылатын құжаттарды өңдеуге көмек көрсету.	Теміртау қаласының бюджеті	256368	2	Күнделікті 5-6 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
5.	«Теміртау қаласының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	114	Аула клубтарындағы жұмыстар	Теміртау қаласының бюджеті	4870992	2	Балалармен іс-шаралар өткізу, 280 бала	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
6.	Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қарағанды облыстық ЖИТС-тың алдын алу және күресу жөніндегі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	6	Есірткіге тәуелділердің арасында АИТВ-инфекциясының таралуын төмендету мақсатында «Есірткілерудің зияны стратегиялары» бағдарламасын іске асыруға көмек	Теміртау қаласының бюджеті	256368	2	Күнделікті 5-6 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
7.	«Теміртау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	84	Құжаттарды өңдеу, көшірме жасау және тарату	Теміртау қаласының бюджеті	3589152	2	Күнделікті 5-9 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
8.	«Ақтау кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	90	Құжаттарды өңдеу, көшірме жасау және тарату. Кентті тазалау	Теміртау қаласының бюджеті	3845520	2	Күнделікті 5-6 құжаттар, 600-700 шаршы метр	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
9.	«Теміртау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	12	Әлеуметтік жәрдемақы алуға құқылы азаматтарды анықтау мақсатында үйді-үйді аралау, құжаттарды өңдеу	Теміртау қаласының бюджеті	512736	2	Күнделікті 5-9 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
10.	«Ішкі істер Министрлігі Қарағанды облысының ішкі істер департаменті Теміртау қаласы ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі	42	Мамандарға құжаттарды өңдеуге, Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға бланктерді толтыруға көмектесу, номенклатуралық істермен жұмыс істеу, ішкі құжаттар тізімдемелерін толтыру	Теміртау қаласының бюджеті	1794576	2	Күнделікті 5-9 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
11.	Қарағанды облысы Теміртау қалалық соты	36	Құжаттарды өңдеу. Соттың шақыру қағаздарын, хабарламаларын жазу. Азаматтық, қылмыстық істерді өңдеу. Шақыру қағаздарын тарату	Теміртау қаласының бюджеті	1538208	2	Күнделікті 5-9 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
12.	Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Қарағанды облысының әділет департаменті Теміртау сот орындаушылар аумақтық бөлімі	12	Құжаттарды өңдеу. Атқару ісінің тізімдесін дайындау	Теміртау қаласының бюджеті	512736	2	Күнделікті 5-6 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі

13.	Теміртау қаласының прокуратурасы	42	Нарядтарды тігу, тізімдеу, поштаны тарату, іс-жүргізу	Теміртау қаласының бюджеті	1814080	2	Күнделікті 5-9 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
14.	«Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Теміртау қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі	66	Құжаттармен жұмыс жасау, салық төлеу туралы хабарландырулар мен түбіртектерді тарату. Бөлімдерде құжаттарды тізімдеу	Теміртау қаласының бюджеті	2820048	2	Күнделікті 10-12 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
15.	«Қарағанды облысының Статистика департаменті» мемлекеттік мекемесі	6	Кіріс құжаттарды қабылдауға, тіркеуге, өңдеуге, басқармадағы стендтардағы ақпараттарды дайындауға және жаңартуға, іс номенклатурасына сәйкес құжаттарды ресімдеуге және бөлуге көмек көрсету	Теміртау қаласының бюджеті	256368	2	Күнделікті 5-6 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
16.	Қарағанды облысы Теміртау қаласының ауданаралық мамандандырылған әкімшілік соты	12	Келіп түскен ұсыныстарды, өтініштерді, арыздарды есепке алуға және тіркеуге көмек көрсету, құжаттарды өңдеу	Теміртау қаласының бюджеті	512736	2	Күнделікті 5-6 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі



17.	Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының «Теміртау қаласының мемлекеттік мұрағаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	6	Қоймалардағы жұмыс істеу, мәліметтерді іздеуге, мұрағаттық құжаттарды өңдеуге көмек көрсету	Теміртау қаласының бюджеті	256368	2	Күнделікті 5-6 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
18.	«Қазақстан Республика-сы Ішкі істер министірлігі Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаменті Теміртау қаласының төтенше жағдайлар басқармасы» мемлекеттік мекемесі	6	Іс-жүргізуге көмектесу, істерді тізімдеу	Теміртау қаласының бюджеті	256368	2	Күнделікті 5-6 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
19.	«Теміртау қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі	6	Поштаны өңдеу және жіберу	Теміртау қаласының бюджеті	256368	2	Күнделікті 5-6 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
20.	Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министірлігінің қылмыстық атқару жүйесі комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің Теміртау қалалық Пробация қызметінің бөлімі	6	Номенклатураға сәйкес істерді тігу, поштаны өңдеу және жіберу	Теміртау қаласының бюджеті	256368	2	Күнделікті 5-6 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
21.	«Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік министірлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» рспубликалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорнының Қарағанды облыстық филиалының Теміртау қалалық бөлімшесі	12	Құжаттармен жұмыс жасау, поштаны жіберу және жеткізу, зейнетақы шарттарын тарату	Теміртау қаласының бюджеті	512736	2	Күнделікті 5-7 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
22.	«Теміртау қаласының ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі	6	Негізгі әлеуметтік мәнді азық-түлік тағамдарына баға мониторинг жүргізуге көмек көрсету	Теміртау қаласының бюджеті	256368	2	Күнделікті 5-6 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
23.	Қарағанды облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік еңбек инспекторы	6	Есептерді дайындауға көмек көрсету, құжаттарды өңдеу	Теміртау қаласының бюджеті	256368	2	Күнделікті 5-7 құжаттар	Толық емес жұмыс күні және икемді кесте бойынша жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі
